

Газет 1948 ж. 20 сәуірінен шыға бастады

# Қазақ университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің газеті

№ 5 (1260)
маусым, 1997 жыл


## Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: "ҚазМУ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ГАРВАРД СИЯҚТЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ДӘРЕЖЕСІНЕ ЖЕТУІ КЕРЕК..."

Қара шаңырағымызда тағы бір үлкен естен кетпес тарихи күн болды. Тағы бір деп отырған себебіміз, тәуелсіз елімізге сапар шеккен шетелдік сыйлы қонақтардың университетімізге ат басын тіремейтіндері кемде-кем. Бұл жолы Әзірбайжан Республикасының үлкен делегациясын бастап, сол елдің Президенті Гейдар Алиев пен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев келді.

Кездесуді әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор К.Н.Нәрібаев ашты. Ол Гейдар Әлиевтің өзінде жоғары мектеп реформасын бастағанын, осы салаға сіңірген еңбегі мен қосқан үлесін атап өтіп, ҚазМУ-дың құрметті профессоры дипломы мен әл-Фараби бейнесі түсірілген кілемшені табыс етті, шапан жапты.



Гейдар Әлиев ұстаздар және студенттер алдында сөйлеген сөзінде:

- Шығыс елінің жұлдызы әл-Фараби есімі барша түркі халықтары үшін аса қымбат. Егер тарихқа жүгінер болсақ, қазақтар мен әзірбайжандардың түбі бір туысқан ел екенін, олардың мәдениеті мен әдет-ғұрыптары ұқсастығын, тәуелсіздікті ғасырлар бойы аңсағанын бәріміз де білеміз. Сонымен қатар біз үшінші мыңжылдық табалдырығында тұрмыз, келешекте біздің ұрпақтарымыз да әлемде дамыған елдердің қатарына қосылатыны сөзсіз, - деді. Құрметті қонақ шын ризашылық сезімінің белгісі ретінде Әзірбайжан елінің ұлы ақыны Мұхаммед Физули портретін тарту етті.

Сөз алған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев былай деді:

- Мен университеттің қатардағы профессорымын, келешекте мынау бітуге таяу 1850 орындық мәдениет сарайында өзімнің лекциямды қалайда оқимын, оның құрылысының тез бітуіне тікелей көңіл бөліп келемін.

ҚазМУ - қазіргі кездегі жоғары мектеп реформасының жол бастаушысы, қазақ білімінің қара шаңырағы. Қадірлі қонақтардың да көп келетіні сондықтан. Ол әлемге әйгілі Гарвард сияқты университеттердің қатарында тұруы керек.

Кездесуге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбаев, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, Мәдениет және білім министрі Иманғали Тасмағамбетов, Қазақстан Республикасының Сыртқы істері министрі Қасымжомарт Тоқаев және Әзірбайжан елінің үлкен делегациясы мен екі елдің түрлі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

## "КазГУ ДОЛЖЕН ВСТАТЬ ВРОВЕНЬ С ЛУЧШИМИ УНИВЕРСИТЕТАМИ МИРА..."- считает Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев

11 июня КазГУ им. аль-Фараби посетили высокие гости: находившийся в Алматы с официальным визитом Президент Азербайджана Гейдар Алиев и Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев.

Встречу открыл ректор университета, член-корреспондент НАН РК профессор Кенжегали Нарибаев, который, особо отметив вклад Гейдара Алиева в реформировании народного образования, вручил ему диплом почетного профессора КазГУ, а также коврик с изображением аль-Фараби и традиционный казахский чапан.

На встрече с профессорско-преподавательским составом и студентами Гейдар Алиев отметил, что имя аль-Фараби, этого великого мыслителя Востока, одинаково дорого всем тюркским народам. На протяжении веков казахи и азербайджанцы, имея общие корни, как этнические, так и культурные, богатые природные кладовые, мечтали о независимости. И сегодня пришло время реализации больших возможностей, заложенных в каждой нации. Двигателем же прогресса всегда остаются знания, без которых не может быть подлинно свободного общества.

Г.Алиев подчеркнул, что наследники легендарной тюркской цивилизации,в числе которых и наши народы, на пороге третьего тысячелетия занимают достойное место в мировом сообществе, подтверждением чему является интенсивное развитие обоих государств в контексте всемирной цивилизации. Высокий гость подарил университету портрет великого азербайджанского поэта Мухаммеда Физули.

Президент Нурсултан Назарбаев в самом начале своего выступления сделал особый акцент на том факте, что он не почетный, а действующий профессор университета, поэтому прочтет в недалеком будущем лекции во Дворце студентов, завершение строительства которого находится под его личным контролем.

Глава Республики также отметил, что Казахский государственный национальный университет имени аль-Фараби сочетает в себе множество поистине универсальных черт. Он является не только самым Главным храмом науки казахстанского народа, но и Центром духовности нации, воздействующим на уровень интеллектуального развития общества, головным методическим Центром, в котором разрабатываются новейшие положения и направления учебного процесса для других ВУЗов страны, а также и действующим исследовательским Центром, в котором трудятся истинные корифеи научной мысли республики. Конечно, в такой ситуации и студенты, и преподаватели будут иметь особый статус в системе всех ВУЗов страны.

Президент высказал свою главную мечту - поднять национальный, головной ВУЗ государства на уровень лучших учебных заведений мира, чтобы выпускники КазГУ ценились в любой стране и их диплом мог бы на равных конкурировать с дипломами таких известных университетов, как Оксфорд, Гарвард. "Говорят, что выпускнику Гарварда нельзя предлагать зарплату менее 50 тысяч долларов в год, - сказал Н.А.Назарбаев,- и нам нужно стремиться к тому, чтобы наши специалисты котировались не ниже".

Встреча в КазГУ представляла огромный интерес для обеих сторон, и хочется верить, что ее результатом будет дальнейшее укрепление связей между двумя братскими народами.

# ИТАЛИЯ ПРЕЗИДЕНТІ - БІЗДЕ ҚОНАҚТА

Еуропа елдерінің ішінде мәдениеті аса дамыған, әлемдегі әйгілі елдердің бірі саналатын Италия мемлекетінің Президенті Оскар Луиджи Скальфаро тәуелсіздік алған Қазақ республикасына тұңғыш рет келіп, оның ішінде Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне ат басын тіреп , студенттер мен ұстаздарға өзінің ыстық ықыласын білдіргенін үлкен бір мәртебе санадық.

Оған естелік ретінде ҚазМУ-дің ректоры К.Н.Нәрібаев әл-Фараби бейнесі төгілген кілемше мен университет тарихы жөнінде кітапты сыйға тартты.

Италия елінің өкілдерімен қоса Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары И.Тасмағамбетов, сол мемлекеттегі Қазақстан елшісі О.Сүлейменов және тағы да басқа қонақтар қатысты.

Мәртебелі мейман Оскар Луиджи Скальфаро қойылған сұрақтарға жауап берді.



## КЕЛЕШЕКТІҢ ТІРЕГІ - ЖАСТАР

Адам баласының айуаннан айырмашылығы, Абай атам айтқандай, "ішсем, жесем" деген жануарлық инстинкт-түйсіктен асып, "көрсем, білсем, үйренсем, түсінсем" деп дүниені тануға талпынуы.Ол сондықтан өнер, ғылым, білімнің тереңіне барған сайын үңіле түседі. Әлемдікті сүйіп, әділдікті аңсайды. Адам қиялы әу бастан-ақ пейіш пен жәннатты ойлап тапқан. Осы өмірде де соған жетсем дейді.

Біреу байлыққа ұмтылады, екінші біреу білім жинайды. Бәрінің әділ таразысы уақыт емес пе? Кімнің артында қандай із қалады, мәселе сонда жатыр.

Білімнен асқан байлық жоқ. Бұл сан рет қайталанған қағида. Мен де қайталаймын. Шамалы мүмкіндігің болса, оқығанға, білгенге, көргенге не жетсін!

Міне, сол білімге жол бастаушы - ұстаз ғой. Ал, Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті ғалым, ұстаздарға кенде емес. Еліміздің түкпір-түкпірінде олардың шәкірттері түрлі салада қызмет етіп жүр. Қазіргі таңда студенттерге дәріс оқып жүрген жас оқытушының да өз ұстазы бар. Мысалы, бізге әдебиеттен лекция оқыған Алма Қыраубаева болса, оның алдынла әйгілі профессор Бейсембай Кенжебаев, арғысы академик Мұхтар Әуезов тұр. Яғни, ұстаздың да ұстазы бар.

Сөзімді түйіндеп айтар болсам, қара шаңырақ қазақ елінің бірден-бір іргелі де, жоғары білім беретін ордасы болып табылады. Демек, білім дария болса, оның қайнарынан сусындағысы келген жас талапкер үшін университет адастырмас бағдаршам емес пе?!.

**Жарылқап Қалыбай**

## НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ СБОРНИК




Казахский государственный научно-исследовательский институт научно-технической информации в серии "Новости науки" выпустил специальный научно-технический сборник, посвященный научно-исследовательским институтам КазГУ им. аль-Фараби. Это уникальное издание, в котором впервые предпринята попытка подробно рассказать широкому кругу читателей о научном потенциале ведущего вуза Казахстана. Статьи, подготовленные в нем, написаны на казахском, русском и английском языках. Основная его задача - показать достижения и приоритетные направления в современных технических науках: физике, химии, биологии, экологии, механике и математике и др., осуществляемые в КазГУ.

Данный сборник имеет практическое значение, поскольку в нем подробно представлена информация о всех структурных подразделениях университета, которые ведут научные разработки. Для тех, кто заинтересуется более расширенной информацией, указаны адреса и телефоны.

В научно-техническом сборнике также публикуются сообщения о новых приборах, описание патентов и другая информация. Выход подобных изданий раскрывает перед университетской наукой новые горизонты в сотрудничестве с коллегами ближнего и дальнего зарубежья.

**Александр Рожков.**

## МАҚТАНЫШ СЕЗІМІ БИЛЕЙДІ

Түркияда оқу жүйесі күрделі. Оқуға түсу үшін көп дайындық керек. Мектептен алған біліміңіз нашар болса, студент атану оңайға түспейді. Талап күшті. Оқу орындарында арнайы дайындық курстары жұмыс жасайды.

Жас талапкер екі сынақтан өтеді. Бірінші талдау емтиханынан 105 балл жинаса ғана, болатын екінші жалпы сұрақтар емтиханына кіруге рұқсат алады. Әр факультет студентті өз компьютері бойынша тексеріп, тест арқылы қабылдайды.

Ондағы өтетін сабақтар 30 минут деп белгіленген. Лекциялар көп оқылып, семинар сабақтан гөрі өндірістік тәжірибелер жиі болып тұрады. Мәселен, журналистика факультетінде студентті 2-ші курстан соң, белгілі бір басылымға жұмысқа жіберіп отырады. Кейін әрбір студентке қызметті университеттің өзі тауып беруі орынды деп ойлаймын.

Біздің елімізде кітаптар, оқулықтар, түрлі қажетті ақпараттар өте қымбат.

Ал, Қазақ университетінің білім беру деңгейі өте жоғары. Тәуелсіздік алған Қазақстан елінде оқып жүрген мені бір мақтаныш сезімі билейді.

**Ибраһим Кушікақын,
журналистика факультетінің
2 курс студенті**

# Ш.АЙТМАТОВ: "ДАНЫШПАН АБАЙДЫ ЖАЗҒАН МҰХТАР ДА ГЕНИЙ ..."



"Адамзаттың Айтматовы атанған" атақты қаламгер біздің университетімізге арнайы келді. Кемеңгер ұстаз, әйгілі Мұхтар Әуезов дәріс оқыған киелі орынға ат басын тіреуі жайдан-жай емес. Әр бір дүниеге келген соны туындысымен әлемді аузына қаратқан ғажайып суреткерді еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін жатқа біледі. Аты аңызға айналған заңғар жазушының шығармашылық кешіне жиналғандардың санында шек болмады. Ине шаншар орын жоқ. Кез келген қазақтың кітап сөресінен орын алған оның "Қызыл алма", "Ақ кеме", Жәмила", "Бетпе-бет", "Ғасырдан да ұзақ күн", "Жанпида" және тағы басқа көптеген прозалық комақты еңбектерімен оқырман бұрыннан таныс.

Тарихи кездесуді университет ректоры К.Нәрібаев ашты. Ол өзінің сөзінде:

- Ғажап оқиға. Әлем әдебиетінің классигі, ғаламдық құбылыс - ортамызда. Аса дарынды тұлға, соңғы бір жазған "Кассандра таңбасы" романы арқылы тамаша идея әкелді. Сонымен бірге кезінде "Манас" эпосы мен Мұхтар Әуезов тумагерлігіне бас иіп өткен шәкірт бүгінде түркі әлемінің мақтанышы және ғарыштық деңгейде сөйлейтін Ұлы жазушы адам арамызда отыр,- деді.

Ең сыйлы конағымызға, казақтар жайында тамаша дүниелер беріп жүрген сөз зергеріне шапан кигізілді. Оған "ҚазМУ-дің Құрметті профессоры" деген атақ берілді. Сондай-ақ, бірлесе жазылған "Күз басындағы аңшының зары" атты эссе кітабының, "Сократты ескеру түні немесе Миғұла терісі үстіндегі сот" драмасының бірден-бір авторы Қазақстанның Қырғызстандағы елшісі, ақын Мұхтар Шахановқа да шапан жабылды. Ол өзіне ұсынылған сыйды академик Зейнолла Қабдоловқа тарту етті.

Айтыскер ақын, студент Мұхамеджан Тазабеков өзінің арнау өлеңінде Шыңғыс ағасын екі елге ортақ Тянь-Шань тауына теңеді. Оның әрбір сөз саптауы көптің көкейінен шығып жатты.

Академик З.Қабдолов:

- Тарихи күн. Біз үшін М.Әуезов қандай болса, барша түркі халқы үшін Шыңғыс сондай. Өзімнің жазып жатқан романымның прологында біраз нәрсені айтқанмын. Осындай сөз шеберін берген тағдырға мың да бір рахмет!-деді.

Доцент Светлана Михайловна Сагалович:

- Әйгілі Маркес, Фолкнер, Айтматов жөнінде жүздеген диссертация жазылды, әлі де зерттеле бермек. Төрткүл дүниеге аты жайылған классиктер катарында У.Шекспир, Л.Толстой, М.Әуезовтермен бірге Ш.Айтматов та тұр...- деді.

XX ғасырдың жылнамасына аты алтын әріппен жазылған ірі ойшыл Шыңғыс Төреқұлұлына сөз берілді. Зал сілтідей тына қалды.

- Құрметті ұстаздар, оқытушылар, студенттер, сіздерге ризашылығымды білдіремін. Бұл ұлттық университеттен болашақтың азаматтары, келешектің іскерлері шығады. Мен үшін ең бақытты күн десе де болады. Жастармен әркашан да біргемін. Осыған дейін Германияда бір жоғары оқу орнында болып қайттым. Ломоносов, Пастер оқыған оқу калашығында студенттермен кездескен едім. Өзінше керемет өтті, бірақ бүгінгі дидарласу одан да қызықты, өйткені ұлттық дәстүрдегі музыка санамды да, көңілімді де сәулелендірді. Ұстазым ұлы Мұхтар дәріс берген қара шаңырақта баршаңызбен сырласуым естен кетпес сәт болып жүрегімде мәңгілік сақталады. Данышпан Абайды жазған Мұхтар да гений...

Бұл кешке дәстүрлі мәдениет корының президенті, ғалым Рустам Рахмонәли, Қырғызстанның Қазақстандағы елшісі Акбар Рысқұлов, Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Нұрлан Оразалиндер қатысты. Ұлы суреткер "Қазақ университеті" газетіне өзінің қолтаңбасын қалдырды.

**Бақытбек АТАЕВ**

## МОЛОДЕЖЬ ШАГАЕТ ВПЕРЕДИ

19 мая в КазГУ состоялось открытие выставки студенческих работ, организованной молодежным объединением "МОСТ", а также общественным объединением "Молодежь за экологию и культуру" при поддержке профкома студентов КазГУ. Идеи молодых художников воплотились в картинах, выполненных на бумаге, фанере, оцинкованном железе, мешковине и даже на дверях и зеркале. На открытии выставки выступала студенческая рок-группа со своими песнями.

**Айгерим Альжанова, студентка КазГУ.**

# НАУЧНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ

Группа ученых факультета международных отношений КазГУ им. аль-Фараби активно работает по изучению и обоснованию необходимости развития международных связей. Основным итогом работы стал сборник "Республика Казахстан и Европейский Союз", выпущенный под эгидой Министерства иностранных дел РК и представительства ЕС.

Первая публикация документов и материалов, касающихся сотрудничества Казахстана и Европейского Союза, имеет важное научно-педагогическое значение и создает предпосылки для дальнейших исследований взаимоотношений нашей республики и авторитетной международной организации. Объектом исследования является проблема сотрудничества в экономической, культурной и политической областях. Подготовленные материалы могут использоваться для разработки курса по новейшей истории стран Европы и Америки, спецкурсов, посвященных деятельности международных организаций, в т.ч. ЕС. Диапазон использования сборника широк: от научного - для студентов и преподавателей, до практического - сотрудников МИДа, представительств зарубежного корпуса, госучреждений.

Опыт европейской интеграции очень кстати всем постсоветским государствам, и сотрудничество с ЕС является условием вхождения Казахстана в мировую экономику, а также одним из факторов успеха наших демократических преобразований и перехода к полноценному рынку. Ведь ныне Европейское сообщество превращается в основной компонент экономического и политического развития Европы, центр притяжения для большинства стран континента.

И поэтому сотрудники кафедры МО, осознавая важность собранных материалов и документов, явились инициаторами издания такого сборника. В основе этого проекта была широкая информация как о соглашениях о партнерстве между РК и ЕС, так и обо всех других документах, подписанных с этой организацией. В них нуждаются государственные структуры, бизнесмены, исследователи, эксперты, аналитики, а также учебные заведения, готовящие специалистов для работы в международной области. Данное сотрудничество взаимовыгодно: КазГУ приобретает вес как ведущее научное учреждение республики, представительство ЕС - необходимые научные разработки, адаптированные к казахстанским реалиям.

**Рафаэль БАЛГИН,**
**студент.**

# ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙТІН ЖАПОН ҒАЛЫМЫ

Шығыстану факультетіне барып, ол кісіні іздей бастадым. Жапон тілінен дәріс беретін Окава Хироси санның әрбір уақыты санаулы, әңгімелесе қоюы да екіталай деген сөздерді де еститінмін. Сонда да қалайда кездесуді басты міндет санадым.

Қазақ тілінде сабақ өткізіп, қазақша түсіндіріп, тапсырмалар беріп дәрісханадан шыққан ұстазға сол бойда амандастым. Жылы қабылдады. Беретін сауалдарым бар екенін тәптіштей жөнелдім. Уақытым аз, тезірек сұрақтарыңды бер деді ол. Мен де бірден шаруама көштім.

Тілші: - Біздің жоғары оқу орнына қашан келдіңіз?

Ұстаз: - 1993 жылдың күзінде Қазақстанға ат басын тіредім. Бар мақсатым қазақ тілін меңгеру еді. Университеттің ректоры Көпжасар Нәрібаевтың қабылдауында болып, өзімнің ойларымды айттым. Мені қызметке алды. Содан бері дәріс оқып жүрмін.

Тілші: - Неліктен Қазақстанды таңдадыңыз?

Ұстаз: - Өзім түркі тілдерінің маманымын. Қазақ тілімен қоса қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрік тілдерін де үйрендім. Осылардың ішінде қазақ тілі қатты қызықтырды. Қазақ тілінің болашағы зор.

Тілші: - Осында өзіңізден басқа отандастарыңыз бар ма?

Ұстаз: - Иә, бесеу. Олар шет тілдері университетінде, Алматы мемлекеттік жоғары оқу орындарында қызмет етеді.

Тілші: - Қандай мақсаттарыңыз бар?

Ұстаз: - Біріншісі - мемлекеттік тілді толық игеру, қазақ ұлтының салт-дәстүрімен жете танысу, екінші арманым қазақ студенттеріне жапон тілін үйрету болып табылады.

Тілші: - Біздің студенттер туралы ойыңыз қалай?

Ұстаз: - Қазақстандық студенттердің талаптары қуантады, ізденістері жаман емес. Ең негізгісі - ұмтылыс бар.

Тілші: - Әлемде жапон елі техника жағынан алдына жан салмайды, ол жөнінде не айтар едіңіз?

Ұстаз: - Ғылыми-техникалық өркендеу,әрине, жақсы. Оның пайдасымен қатар зияны да бар. Бізде әр бала 5 жасынан бастап компьютермен ойнай бастайды. Есесіне,құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы нашарлайды және ойлау қабілеті төмендейді. Бала түгілі, үлкендердің өзі компьютермен жазамыз деп әріпті ұмыта бастағанын білеміз.Жазуға да икемі келмей қалады. Осындай көріністер бұдан әрі орын ала берсе, онда мықтап ойлануға тура келеді. Мәселен, техника көбейгенмен, адамның ойлау қабілеті өспесе, одан не пайда. Тірліктің көбін робот атқарса, адамдар не істемек?

Шет ел ғалымы, міне, осылай дейді.

әңгімелескен
**Мира СҮЛЕЙМЕНОВА,**
**2-курс студенті.**

# БАСПАГЕРЛЕРМЕН, ЖАЗУШЫЛАРМЕН ДИДАРЛАСУ

Журналистика факультетінің 3-ші залында "Қазақстан" баспасы қызметкерлерімен кездесу кеші болды. Осы бас қосуға оқытушылар, студенттер қауымы түгелдей қатысты.

Пікір алысу кешіне келген ақын, жазушы, журналистер өздерінің шығармашылық лабораториясы, баспаның қызметі жайлы әңгімелер өрбітті.

Әйгілі қаламгер Мұхтар Мағауин өзінің студенттік кезеңін еске алды. Бірге оқыған, бірге жатақханада тұрған достары, қазіргі белгілі суреткер, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев және баспаның қазіргі директоры жазушы-журналист Нұрмахан Оразбековтер жайлы жылы лебізін білдірді. Сонымен қоса өзінің тарихи романы "Аласапыран" кітабының жазылғаны жөнінде де сөз қозғады. Сондай-ақ, ақын Мақсұт Неталиев, ғалым Нысанбек Төрсқұлұлы, қоғам қайраткері Кешірім Бозтаев, журналистер Оңайгүл Мырзалиева, Гүлзат Тойжановалар қойылған сұрақтарға жауап берді.

Кештің соңы ән мен күйге ұласты. Ақын-жазушылар студенттерге қолтаңбаларын қалдырды.

**Ғалия МАЙКОТОВА**

# “ЖАС КЕЛСЕ - ІСКЕ”

Тәуелсіз Қазақстан елінің болашағын жасайтын жастар екені белгілі. Соның ішінде білім нәрімен студенттерді сусындатып жатқан ұстаздардың еңбегі ерекше екенін айтпасқа болмайды. Осы ретте университетіміздің филология факультетін сырттай тәмамдаған шәкірттердің ойларын білдіре кеткенді жөн көрдік.

**Алтынай Мұхадиярова:**

- Соңғы курс сабақтары қиын болғанмен, емтихандарды ойдағыдай тапсырдық. Өзімнің ойымша, оқытушылардың көңілінен шықтық деп ойлаймын. Қуанышымызда шек жоқ. Қызықты бір студенттік кезең де бітті. Енді, алдымызда өмір мектебі күтіп тұр. Ұстаздарымыздың еңбегін ақтауға тырысамыз.

**Талғат Өмірбайұлы:**

- 5 жыл ішінде қара шаңыраққа қатты бауыр басып қалдым. Менің екінші үйім сияқты еді. Өзімді басқа жаққа көшіп бара жатқан күйде сезінемін.

Маған әрбір лекция оқыған ағайларым мен апайларым туған әке-шешемдей болып кеткені рас. Қимай кетіп барамын. Туған шаһарым, бауыр басқан Шымкенттің мектебіне жетіп, мұғалім болып қызмет істесем деймін.

**Айгүл Мергенбаева:**

- Не деген зымыран уақыт. Кеше ғана мектеп бітірген едік. Енді, міне, университетті де бітірдік. Есею деген осы шығар.

Балапанын бауырына тартатын тауықтай, бәрімізге бауырмалдық жасайтын ұстаздар да студенттерін жібергісі келмейді. Бірақ, қаншама қимағанмен, не шара! “Қоштасқым келмейді” деген бір ән жолы бар ғой. Әрқайсымыз әр тарапқа кетіп барамыз. Қай салада жүрсек те халқымыз үшін еңбектенейік, жастар, демекпін.

Міне, қолына диплом тиген жас мамандардың да пікірін білгендей болдық. Қазіргі бастан кешіп жатқан қиындықтарға қарамай, ұлтымыздың болашағы үшін білім алуға ұмтылған жастарды қолдай білейік. “Жас келсе - іске” деген сөзді де ұмытпайық, ағайын!

**Гүлзия БОЛАТҚЫЗЫ,**
**журналистика факультетінің 2-курс студенті.**

*Үндеу хат*

# БАЙЛАНЫС ЖАСАЙЫҚ

Әл-Фараби атындағы жоғары оқу орны мен біздің Қарағанды мемлекеттік университеті - Қазақстандағы оқу базасы бұрыннан қалыптасқан, білім деңгейі өте биік саналатын оқу ордасы. Келешекте де классикалық үлгідегі университет болып қала бермек. Кезінде біздің арамыздағы мәдени байланыстар жақсы жолға қойылған еді. Мысалы, 1989-90 жылдары екі оқу калашығының студенттері ұйымдастыра отырып, игі шаралар атқарған. Өнер мерекелері, оның ішінде ақындар айтысы, жыршы, термешілер сайысы, әншілер байқауы қандай қызықты өтуші еді. Әсіресе сол кездегі өнерпаздарды радиодан хабарлап, теледидардан көрсететін, олар көрермендердің ыстық ықыласына бөленетін. Кейінгі кезде сол бір рухани арна тартылып қалды. Қазіргі қиыншылықтарға орай байланыс тоқтап тұрғандай. Сонда да жастардың рухы күшті. Бәрі де буырқанып тұр.

Биылғы күзде университетіміз 25 жылдық торқалы тойын атап өтпекші. Соған біздегі С.Сейфуллин атындағы шығармашылық бірлестігі де дайындалуда. Сонымен қоса, жастар ісі жөніндегі комитет те мұрындық болып жүр. Оның үстіне “Балауса” атты әдеби шығармашылық орталық жұмыс жасайды. Қазіргі талантты ақындар Серік Ақсұңқарұлы, Ғалым Жайлыбай, Абзал Бөкеновтер осы "Балаусаның" түлектері. Ал, айтыс ақындары Аманжол Әлтаев, Қойшыбай Асанов, Қуаныш Мақсұтовтар да бірлестік арқылы танылған.

Өткен жылы сіздердің М.Сералин атындағы әдеби бірлестіктің өкілі бізге соғып кетті. "Сіздерге келген бір мақсатым - байланысты жолға қою. Студенттердің құлағына алтын сырға, қазірден дайындала берсін. Шәкірттеріміз арасында ғылыми теориялық конференция өткіземіз",- деп еді. Оның бәрін жал-құйрығын тарап, жаңа оқу жылына туралап қойдық. Мүшайра, ақындар айтысы, ән-күй жарысы, әр түрлі диспуттар ұйымдастырсақ деген ниеттеміз.

Қазіргі мемлекетіміздің жағдайы, халықтың жай-күйі, қоғамымызда түйіні шешілмей жатқан жастардың мәселесі біздерді бей-жай қалдыра алмаса керек. Бәріміздің алдымызда үлкен бір мәселе тұр. Ол - қазақ зиялыларының басын қосу, темірқазығы мықты интеллигенция тобын құру және жасақтау.

Қасиетті қара шаңырақтың саналы студенттері, бәріңізді біздің оқу орнымен байланыс жасауларыңызды сұраймын. Ізгі ниетпен -

**Ерлан ТӨЛЕУТАЕВ,**
**Қарағанды мемлекеттік университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары.**

# СИЛЬНЫЕ СТУДЕНТЫ - СИЛЬНЫЕ ИГРОКИ

Чтобы расширить связи как между студентами алматинских вузов, так и их преподавателями, им необходимо чаще встречаться в аудиториях, в неформальной обстановке. На эту идею ориентирована межвузовская “Экономическая игра” - познавательно-развлекательный конкурс для студентов экономических специальностей.

С целью развития духа конкурентности в деятельности вузов, а также пропаганды экономичеких знаний студенты экономического факультета КазГУ им. аль-Фараби реализовали идею, предложенную их сверстниками из КазГАУ в программе “Интеллект-шоу”. В игре приняли участие команды из АГУ, университета “Туран”, филиала МСИ, и, конечно, КазГУ. В течение четырех туров они должны были продемонстрировать уровень своих знаний, логику и сообразительность, смекалку и интеллект.

Первый тур состоял из домашнего задания: вопрос сопернику, второй, построенный по принципу "брейн-ринга", - отвечать быстро и правильно, третий - “Имена” - по предложенной “подсказке” необходимо было узнать известных экономистов “всех времен и народов”. Последний, четвертый тур, - “Блиц” - в течение трех минут по названным определениям необходимо было назвать загаданное понятие.

С одинаковым количеством баллов к финалу пришли команды КазГУ и АГУ. К большой радости болельщиков, по решению жюри победа была присуждена команде нашего университета. Организаторы надеются сделать этот конкурс традиционным, и эстафету теперь приняли экономисты АГУ.

**Айсулу НУРГАЛИЕВА,**
**студентка КазГУ.**

# КТО С УЧЕБОЙ ДРУЖЕН, ТОМУ ЖИР НЕ НУЖЕН

Учеба - лучшее средство для похудения, установили врачи университетской клиники Женевы. “Швейцарские ученые обследовали более 900 женщин с целью определить: какова связь между курением и весом? Результаты, однако, удивили и специалистов. Выяснилось, что как активное, так и пассивное курение играет весьма незначительную роль с точки зрения веса тела. С другой стороны, полученные данные однозначно подтвердили: степень образованности измеряется и в килограммах. Менее образованные женщины в среднем весят на 4 килограмма больше, чем дипломированные!

**Николай РЕЛИН, аспирант.**

# МАТЕМАТИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

Механика және математика факультеті - университеттегі танымал оқу буынының бірі. Онда 10 кафедра бар.Факультеттің деканы, физика-математика ғылымының докторы, профессор Нарғозы Данаев осылардың жұмысын жолға салып отырады. Мұнда 30-дан аса профессор, ғылым докторы және 100-ге тарта доцент, ғылым кандидаты дәріс оқиды. Онда механика және математика ғылыми зерттеу институты, машиналар механикасы мен роботтық жүйелер, компьютерлік моделдеу лабораториялары, жаңа техникамен жабдықталған оқу кластары жұмыс істейді.

Оқыту екі сатылы: бакалаврлық (4 жыл) және магистрлік (4+2 жыл) жүйеде сабақ өтеді. Бакалавр дипломымен түрлі оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, басқару мекемелерінің ақпарат орталықтарында, банктерде инженерлік қызмет атқаруға, колледждер мен техникумдарда, мектептерде математика мен информатикадан сабақ беруге болады. Ал, магистр дипломы бойынша жоғары оқу орындарында, академиялық ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми қызметтер істеуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса



түлектер тек ғылым-білім салаларында ғана емес, сондай-ақ экономика мен бизнес, банк жүйелерінде де жауапты қызмет атқара алатынын ескеру керек.

Жаңалық ашып жатқан ғалымдар да баршылық. Мәселен, Инженерлік академияның академигі, профессор Ш. Смағұлов бастаған топ мұнай өндірісі саласы үшін ақпараттық технологиялық әдістер ұсынып отыр. Бұл жасалған бағдарламалар Маңғыстау, Атырау кен өндірістерінде қолданыс табуда. Сонымен бірге профессорлар Қ.Қасымов, С.Темірболатов, М.Орынбасаров сынды азаматтар дифференциалдық теңдеулер теориясына елеулі үлес қосты. Ал, механика саласындағы ғалымдар Ш.Ершин мен Е.Рақымов өздерінің әйгілі "Бидарье" атты желмен қозғалатын аса тиімді агрегатын ойлап шығарды. Сондай-ақ, ғылым мен техниканың дамуына үлес қосып келе жатқан аталмыш факультеттің бір топ ғалымдары - Ө.Жолдасбеков, Г.Уәлиев, А.Ермолов, Н.Данаев, Ш.Смағұлов, Б.Жұмағұлов Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері болғанын да атап өткен артық болмас.

**М.БАҚЫТБЕК**

# ОБСУЖДАЛИСЬ ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ

На базе юридического факультета прошла научно-теоретическая конференция аспирантов, магистрантов и молодых преподавателей вузов Алматы. В ее работе принимали участие преподаватели КазГУ, КазГЮУ, АГУ им.Абая, Военного института РК, частного университета "Туран". От имени юридического факультета гостей приветствовали руководители факультета.

С основным докладом выступила кандидат юридических наук Л.Еркинбаева, подняв проблемы экологии в современном обществе. Далее работа продолжалась по секциям. Секцию конституционного и уголовного права возглавляли доктор юридических наук, профессор К.Бегалиев и кандидат юридических наук Е.Войцеховский. Второй секцией - гражданского, финансового и экологического права - руководил кандидат юридических наук, доцент Т.Абайдельдинов.

Молодые ученые поставили острые вопросы, выявили актуальные проблемы современной казахстанской юриспруденции и связанных с ней отраслей права. Интересные доклады представили магистранты Э.Сапарбаева, Л.Смагулова, И.Заплахов, Е.Коваленко, ассистенты Н.Баимбетова, А.Тулеуов, Д.Баймаханова, О.Волох и многие другие. Активность гостей КазГУ была также очень высокой.

Итоги работы подвели на пленарном заседании руководители секций. Они пожелали дальнейших успехов всем молодым исследователям юридических наук и посоветовали не бояться трудностей, которые их ждут на этом пути. По итогам конференции планируется издать сборник материалов.

**Алуа ИБРАЕВА,**
**кандидат юридических наук,**
**доцент,**
**зам декана по научной работе.**

## "Будущее казахстанской юриспруденции - за нами"

Под таким девизом на факультете прошла межвузовская студенческая научная конференция. Ее целью было углубленное изучение юридических наук и исследование отдельных специфических вопросов и проблем юриспруденции. В состав оргкомитета входили декан юридического факультета, кандидат юридических наук, доцент А.Бектурганов, кандидат юридических наук, доцент А.Ибраева, старший преподаватель С.Ушурова.

Со вступительным словом обратились руководитель магистратуры, доктор юридических наук, профессор Е.Джакишев, доктор юридических наук, профессор К.Бегалиев и доцент А.Бектурганов.

Конференция работала по пяти секциям. Все участники подготовили содержательные доклады, которые стали предметом заинтересованных обсуждений. Каждый из докладчиков предлагал свое видение проблемы и возможные пути ее решения.

Так что можно быть уверенными, что будущее казахстанской юриспруденции действительно будет за лучшими юристами.

**Камелбек ОЙЩИБАЕВ,**
студент КазГУ.



# АМЕРИКА ӘСЕРЛЕРІ

Тәуелсіздік алғаннан бері шет елдердің жоғары оқу орындарымен байланыс дами түскені белгілі. Сондай бір тәжірибе алмасу мақсатымен АҚШ еліне барып қайтқан журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының меңгерушісі Бауыржан Жақыпқа жолығып, сұхбаттасқан едік.

*Тілші*: - Барыс-келістің негізгі мақсаты қандай еді?

Бауыржан Жақып: - Үш жылдан бері Американың Оклахома мемлекеттік университеті мен біздің білім ордамыз арасында тығыз байланыс орнаған-ды. Сәуір айында мұхиттың арғы жағына сапарға шығудың сәті түсті. Делегация басшысы, университетіміздің оқу ісі жөніндегі проректоры Мұрат Қадесұлы Орынхановпен бірге барып қайттым. Негізгі мақсат - АҚШ университетінің оқу процесімен танысу, өзара тиімді байланыстың жолдарын іздестіру. Алғашқы күннің өзінде-ақ Стиллуотэр қаласындағы "Ротари Клаб" атты қоғамдық ұйым мүшелерінің қабылдауында болдық. Кездесуде біздің проректорымыз сөз сөйледі, ал сол қаланың мэрі ҚазМҰУ мен Оклахома мемлекеттік университеті арасындағы байланысты одан әрі нығайту керектігі, ректор К.Н.Нәрібаев пен Холт Смит қол қойған келісім-шартқа орай ынтымақтастықты жалғастыру қажеттігі туралы құжатты бізге табыс етті.

Тілші: - Әр күннің жоспары алдын-ала жасалған шығар?

Бауыржан Жақып: - Ол жақта болған әрбір күніміз алдын-ала жоспарланған түрлі шараларға толы еді. Мәселен, 4-сәуір күнгі жұмыс жоспарымды қарап көрейін.

Сағат 9.00-де университет басшыларының бірі Холт Смиттің, сағат 10.30.-да оқу ісі жөніндегі проректоры Марвин С.Кинаның қабылдауында болдық, сағат 11.30.да лекцияға қатысып, түстен кейін оқу теледидар орталығымен таныстық. Әр бір күн осындай кездесулер, пікір алысулар, басқа да дидарласулармен ұштасып жатты.

*Тілші*: - Өзіңіз білім беретін сала бойынша нендей нәрселерге назар аудардыңыз?

Бауыржан Жақып: - Осыдан екі жыл бұрын біздің факультеттің делегациясы аталмыш оқу орнына барып, олардың журналистика мектебімен біздің факультет арасында өзара байланыс туралы шарт жасасып қайтқан болатын. Соның негізінде журналистік білім беру жүйесімен, 4 мамандық бойынша кадрлар даярлайтын екі сатылы оқу процесімен таныстым. "Талса", "Оклахома-Сити" қалаларындағы радиостанциялардың, телестанциялардың, "Талса Уорлд", "Дейли зе Оклахома" газеті редакцияларының қызметіне зер салдым, олардың жұмыстарындағы өзгешеліктерді көңілге түйдім. Журналистика проблемаларына байланысты өткен екі ғылыми конференцияға қатыстым. Оның бірі - "Табиғат апаттары және бұқаралық ақпарат құралдары" деген тақырыпта Едмонд қаласында, екіншісі - 35-ші Орталық Славистика конференциясы Канзас штатының Лорэнс шаһарында болып өтті. Конференцияның "Қазақстанның саясаты мен мәдениеті" атты секциясында мен "Мұхтар Әуезовтің қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы" деген тақырыпта баяндама жасадым.

Біз болған университетте студенттер үшін барлық жағдай жасалынған. Тек оқуға түсерде төлем ақының 25 %-ін студенттер өз қалтасынан төлейді де, қалған қаржыны мемлекет қамтамасыз етеді. Стиллуотэр - студенттер қалашығы. Семьялы студенттер және аспиранттар арнаулы апартаменттерде тұрады, жатақханалары да бар. Оқу жоспары бойынша міндетті түрде өтілетін пәндер бар, ал былайғы көпшілік пәндер студенттердің өз таңдауына ұсынылады. Сондай-ақ, қазіргі заманғы талапқа сай салынған спорт сарайы студенттердің шымыр да ширақ болуына барлық мүмкіндік береді. Орталық кітапханадағы "Интернэт жүйесі", әдебиеттер пайдаланудың компьютерлік жүйесі жан-жақты білім алуға кең жол ашады.

Тілші: - Олардың студенттік газеті туралы әңгіме қозғасаңыз?

Бауыржан Жақып: - Оклахома мемлекеттік университетінің "Дейли О,Колледжн" газетінің тарихы 1895 жылдан басталады. Осы уақытқа дейін басылымның аты бірнеше рет өзгертілген. Олардың редакциясына арнайы барып, жұмыс процесімен толық таныстым. Газеттің бас менеджері Фриц Уирт газеттің құрылымы, табыс көзі, таралымы туралы кеңінен әңгімелеп берді. 1895 жылы 15-мамырда алғашқы нөмірі 142 дана болып шықса, қазір күн сайынғы тиражы 10.500-ге жетіпті. Газеттің екі басқарушы органы бар. Бастапқысы - университет ректоратының кеңесі, басты қаржыландырушы да осы. Екіншісі - журналистика мектебінің директоры. Газеттің редакторымен жолығысудың да сәті түсті. Ол - сол факультеттің студенті екен. Сондай-ақ, Студенттер одағы атты қоғамдық құрылым да басылымды шығару жұмысына араласады. Бұл кеңестің құрамында 3 студент, 4 оқытушы бар. Газет редакторы сол кеңестің алдында ғана жауап береді. Газеттің бір күндік нөмірінің құны - 300 доллар. Бұл негізгі авторлар - студенттерге қаламақы ретінде бөлініп беріледі. Бүкіл жаңалықтарды студенттер жазады. Жарнамаларды студенттер табады. Газетті шығарудан түскен 300.000 мың доллар қаржыға жаңа типті компьютер сатып алу көзделіп отыр екен. Бір қызығы тек студенттер ғана оқымайды, бүкіл қала тұрғындары сатып алады. "Дейли О,Колледжн" газетінде саясат, экономика, мәдениет, жарнама, спорт беттері бар. Тіпті, халықаралық айтулы жаңалықтар да жарияланып тұрады. Олар "Ассошейтед пресс", "ЮПИ" сияқты ірі агенттіктердің хабарларын компьютер арқылы пайдаланады. 12 беттен тұратын газеттің безендірілуі көркем, мазмұндық деңгейі жоғары екеніне көзіміз жетті.

*Тілші*: - Мәдени, тарихи мәселелер төңірегінде не айтар едіңіз?

Бауыржан Жақып: - Оклахома штаты Американың байырғы тұрғындары - үндістер тұратын мекен-жай. Осы сапарда олардың жылына бір рет атап өтетін мерекесінің үстінен түстік. Айшықты да әсем, ұлттық киім киіп, билейтін мейрамы еріксіз таңдай қақтырады. Үндістердің Анадарко елді мекенінде олардың тарихына қаныштық. Сонымен қоса, Канзас қаласына барғанда, Канзас мемлекеттік университетінің дүние жүзінің түкпір-түкпірінен экспонаттар жинақтаған өнер музейінде, антропология және археология мұражайында болдық. Ерекше бір есте қалған экспонат жөнінде айта кеткім келеді. Ол біздің дәуірімізге дейінгі 25-220 жылдар аралығындағы Қытайдың шығыс Хан династиясынан табылған петроглифпен қағазға жазылған жазулар. Бұл экспонаттарды, түсіріп алған суреттерді, АҚШ-тың көркем безендірілген газеттерін өз дәрістерімде көрнекі құрал ретінде пайдалану ойда бар.

Бір сөзбен айтқанда, біз мұхиттың арғы жағына тиімді, іскерлік сапармен барып қайттық. Оның нәтижесі де жаман болмас деп ойлаймын.

**Б. Атаев.**

# ӨНЕГЕЛІ БАСТАМА

Қазақ білім ордасының қара шаңырағы - әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультеті ұжымының ауаны, дем-тынысы кейінгі бір-екі жыл ішінде өзгеріп, кеңіп сала берді.Жаңа басшылар келгелі әрдайым жақсы қырынан, жаңа биігінен көріне бастады десек, артық айтқандық емес. Соңғы екі жылдың жүзінде факультеттің ұжымдық біртұтастығы, біліктілігі ғана емес, әлеуметтік-материалдық жағдайы да ілгеріледі деуге болады.

Білімі мен дәріс беру қабілеті жоғары ұстаз, ұйымдастырушылық мүмкіндігі мол Н.Омашұлы оқу корпусын жаңаша ажарландырып, өзге факультеттерден көш ілгері безендіруге басшылық етті. Оқу жүйесінде жаңадан "Халықаралық журналистика", "ЮНЕСКО" кафедралары дүниеге келді. ҚазМУ-дің баспасөз орталығы да осында. Жаңа радиостудия ашылып, соңғы шыққан радио және телеаппаратуралар, тағы басқа да техникалық құрал-жабдықтар алынды. Оқыту барысындағы рейтингтік жүйе, магистратура өзге жоғары оқу орындарындағыдай жаңа оқу бағдарламасына негізделіп, тәжірибеде сыналып, енді үрдіске енді. Бәрінен бұрын факультет жатақханасының күрделі жөндеуден шығуы, арнайы сауық кештерінің өтуі - студенттер үшін бір қуаныш.



Осындай игі істер бастамасының бірі - факультеттің өзінде арнаулы кітапхана мен оқу залының ашылуы. 1996 жылдың 22-сәуірінде ҚазМУ-дің №9 оқу залы ретінде тіркеліп, ашылған бұл кішігірім шаңырақ жуырда өзінің бір жылдығын атап өткен еді. Құрылғанына аз ғана уақыт өтсе дағы бұл кітапхана жалғыз факультетте ғана емес, бүкіл ҚазМУУ студенттері, аспиранттары және оқытушылары үшін қымбат та қастерлі үй екендігін көрсетіп отыр. Өйткені мұндағы ең қажетті дүние - өзге кітапханаларда жоқ мерзімді басылымдар (периодика).

Кітапхана деген сөзге сәл мән берейікші. Кітапхана - баспалардан шыққан, баспасөз беттерінде жарияланған туындыларды пайдалану ісін ұйымдастыратын мәдени-ағарту және ғылыми мекеме. Кітапханада мыңдаған кітаптың қоры жасалып, әрі сақталып, сонымен қатар оқырмандарға насихаттау жұмыстары да жүргізіледі. Ол үшін талай тер төгілетінін екінің бірі біле бермейді. "Мынау кіші немесе үлкен" - демей, үкідей үшып, қызмет ететін де осы кітапхана қызметкерлері. Міне, бұл салада қызмет етуші Майра Айтмағанбетқызы Байболова 1996 жылдың сәуірінде осы айтылған оқу залының меңгерушісі болып тағайындалды. Айта кетерлік бір жайт, М.А.Байболова - оқырмандар құрметіне бөленген, студенттерге мейірімді, оқытушыларға сыйлы, әрдайым жүзінен жылылық кетпейтін жан.

Осы кісі басшылық ететін кітапхана шағын болса да, оқушылары үзілмейтін,көпшіліктің бас қосар жері екенін атап айтқымыз келеді. Кітапхана қорында үш мыңнан астам кітап бар, оның ішінде журналистикаға қатысты әдебиеттер бір бөлек. Алғаш ашылғанда марқұм профессор Ю.А.Крикунов өзінің жеке кітапханасынан 328, ал профессор Н.Омашұлы 350-ден аса кітап тапсырған еді. Ел мүддесін, студенттер зердесін ойлайтын ұстаз осындай болар. АҚШ-тың Оклахома университетіне тәжірибе алмасу іссапарымен барып келген осы факультеттің оқытушылары Б.Жақып, С.Барлыбаева да біршама кітаптар әкелген еді. Кітапхана қорынан журналистика теориясының білгірлері Т.Ю.Лебедева, Я.Н.Засурскийдің соңғы жылдары шыққан кітаптарын да кездестіруге болады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, мерзімді баспасөз залында жаздырып алынатын 60-қа жуық газет-журналды оқуға мүмкіндік берілген. Оның ішінде, сондай-ақ, халықаралық журналистика студенттеріне арналған ағылшын, неміс, француз, корей, қытай, жапон т.б. тілдердегі журналдар бар. ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері Женевада орысша-ағылшынша - екі тілде шығатын газетті де оқуға болады.

Елу адамға арналған оқырмандар залы тиянақты көркемделген. "Жаңа кітаптар" көрмесі ұйымдастырылып, ұлы жазушы, ғалым, білікті ұстаз М.О.Әуезовтің 100 жылдығына арналған стенд те осында қойылған. Кітапхананың тұрақты оқырмандары да көбеюде. Осы оқу залына басқа факультеттердің шәкірттері де келіп-кетіп жүргенін байқадық.

Дүниеге келгеніне бір-ақ жыл болған оқу залының әлі де болса, материалдық-техникалық жағдайы өте жоғары деңгейде емесін айтпасқа болмайды. Дегенмен, келешегін көпшіліктің басқосар үлкен шаңырағы болатындай бұл кітапханаға басшылардың қамқорлығы ерекше. Деканат басшылығы "Мерей" атты ірі акционерлік қоғамға арнаулы мебельдер жасатып, білім алуға жағдай туғызды.

Бұл сияқты кейінгіге үлгі-өнеге боларлық игілікті іс жалғасын таба берсе, нұр үстіне нұр болары хақ.

**Нұржан Қуантайұлы**

# МЕЖДУНАРОДНЫЙ СЕМИНАР ПО ПРОБЛЕМАМ СВОБОДЫ ПРЕССЫ

Под патронажем КазГУ им. аль-Фараби, фонда им. Фридриха Эберта (Германия), Союза журналистов Казахстана и Международного университета филологии и журналистики прошел международный семинар "Границы свободы прессы". В нем приняли участие журналисты-практики и теоретики, научные работники, представители казахстанского правительства и общественности. Главный вопрос, который дискутировался во всех докладах и выступлениях, - когда общество становится открытым, пресса становится свободной.

Семинар открыл проректор КазГУ им. аль-Фараби, профессор, доктор химических наук, академик ВШ З.А.Мансуров, который отметил в своем выступлении большую роль средств массовой информации и коммуникации. С большим интересом слушали собравшиеся рассказ "Фрилланс" - свободного журналиста из Германии Мартины Келлер. Конечно же, было задано большое количество вопросов.

В дискуссии приняли участие доктор филологических наук, профессор Н.Омашев, доктор филологических наук, профессор М.Барманкулов, I-й вице-президент РКТРК С.Жолдасбаев, организатор центра по защите и изучению прессы РК А.Свиридов, представители комиссии при Президенте по правам человека и соблюдению законности.

Участники семинара отметили, что границы свободы прессы во многом зависят от состояния сознания общества, от степени его готовности читать свободную прессу. Было высказано немало практических рекомендаций и пожеланий.

**Александр РОЖКОВ,**
**наш корреспондент.**



***На фото: во время открытия конференции***

## "САНА" - СТУДЕНТТЕР ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАСЫ

"Қазақстан-1" телеарнасынан журналистика факультетінің студенттері дайындайтын "Сана" бағадарламасы әр сенбі күні, сағат 14.40.- та эфирге шығып жүр. Жиырма минуттың ішінде қаншама жаңалық, ғылымдағы өзгеріс туралы, студенттердің тұрмыс-тіршілігі жөнінде, өнерлі жастар жайлы, қоғам қайраткерлері мен әйгілі ғалымдар өмірінен мәнді де әсерлі әңгімелер айтуға болады.

Студенттер үшін телебағдарламаның орны ерекше. Өйткені "өз отауының болғаны өзіңе жақсы деп айтқан екен" бір сері. Біз жастардың проблемаларын көрсетумен қатар, олардың көкейлерінде жүрген армандары, болашаққа деген көзқарасы жайлы да мағлұмат беруге күш саламыз.

Осы бір телебағдарламаны ашу оңайға түспеді. Баспасөз жөніндегі ұлттық агенттіктің қол ұшын беруі арқасында факультетте практикалық-журналистік қызмет жанданып сала берді. Соның нақты бір көрінісі - өзіміздің "Сана" атты телебағдарлама. Бұл студенттердің мұң-мұқтажын, оқу мен ғылымдағы табыстарын көрсететін бірден-бір бағдарлама болып қала бермек.

Сонымен қоса 28 маусымда тұңғыш рет аталып өткен Журналистер Күніне байланысты төл бағдарламамызды телеэфирден көрермендерге жолдадық.

**Ақжан Жәутікова,**
**"Сана" бағдарламасының жүргізушісі, журналистика факультетінің 3-курс студенті.**

# СОРЕВНОВАНИЯ, ПОСВЯЩЕННЫЕ ПАМЯТИ ТРЕНЕРА

В спорткомплексе КазГУ состоялось открытое первенство по тяжелой атлетике, посвященное памяти доцента, кандидата педагогических наук, заслуженного работника физической культуры, заслуженного тренера Казахстана Владимира Ивановича Хоха. Вот уже три с половиной года, как нет с нами этого замечательного человека. За свою жизнь он воспитал не одного мастера спорта, среди его учеников В.Дрекслер - рекордсмен мира в жиме, Ю.Рябцов - Почетный мастер спорта (сейчас зав.кафедрой физ.воспитания Медицинского института) и целая плеяда чемпионов и призеров: Беков, Габараев, Хасуев - всех просто не перечесть.

Владимир Иванович стал продолжателем традиций основателя тяжелой атлетики в Казахстане А. Костина, но только на благодатной почве КазГУ. Около 40 лет назад, с того момента, как он пришел молодым преподавателем на кафедру физического воспитания, в нашем университете и "завелась железная игра" - так образно в те времена называли штангу. На прошедших соревнованиях выступили около 20 спортсменов, причем среди них были воспитанники таких именитых тренеров, как Рымкулов, Петренко, Утешов и др. Об уровне подготовленности атлетов и о том, насколько "кипели страсти" в борьбе за победу, свидетельствует такой довольно курьезный факт: выступающий, не расчитав собственных возможностй, так выложился в рывке на разминке, что умудрился сломать гриф - а это, между прочим, и олимпийским чемпионам не всегда под силу. Самый маленький результат - 70 килограмм в обоих движениях - показал Александр Целовальников. "Абсолютка" же досталась Александру Филиппенко (категория до 91 кг), набравшему сумму 235 килограмм.

Как считает организатор и главный судья соревнований, тренер высшей категории, преподаватель кафедры физвоспитания КазГУ Владимир Нистор, первенство прошло успешно, плохо только, что в материальном отношении ребята не смогли получить ничего существенного. Но, я надеюсь, в будущем году положение изменится в лучшую сторону. Тем более, что, как предполагается, соревнования эти должны войти в календарный план сборной команды Казахстана, а значит, поднимется их престиж. С ним, я думаю, поднимется престиж и самой тяжелой атлетики в нашем университете. Она достойна этого. Ведь штанга - не такой вид спорта, где все решает исключительно ломовая сила, как, например, в пауэрлифтинге (силовом троеборье). Да, сила в ней играет определенную роль, но прежде всего штанга - это спорт "технарей". А где хорошо поставлена техника, там и красота, изящество, эстетизм. Поэтому, мне кажется, хотя многие и предвещают ей скорую кончину, в связи с появлением у нас пауэрлифтинга и бодбилдинга, тяжелая атлетика будет жить вечно.

**Дмитрий ШОРОХОВ,**
**студент КазГУ.**

## СТУДЕНЧЕСКИЕ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЕ КОНФЕРЕНЦИИ - *ДОБРАЯ ТРАДИЦИЯ КАЗГУ*

Обучение в высшей школе характеризуется тем, что научно-исследовательская работа студентов является объективной необходимостью и обязательным элементом процесса обучения. В этом году студенческая научная конференция была посвящена 100-летию М.О.Ауэзова. Ее цель - поиск и поддержка наиболее способных студентов, создание в дальнейшем благоприятных условий для проявления творческих способностей.

На факультетах сложились уже свои традиции и формы проведения конференции. Следует отметить большую оргработу, проделанную всеми факультетами. Университет выделил призовой фонд в размере 78 тыс. тенге. На конференции было заслушано 1036 докладов, работало 63 секции. Необходимо отметить высокий уровень конференции, четкую подготовку и атмосферу заинтересованности.

Юбилейная дата была не пустой формальностью, а прекрасной возможностью поговорить о наболевших вопросах нашего времени в тесной связи с общественно-политической деятельностью М.О.Ауэзова.

Следует отметить, что при обсуждении программы конференции были введены в обязательном порядке круглые столы, на которых должны были решаться наиболее значимые вопросы сегодняшних реалий и научных исследований в университете.

Характерной особенностью этой конференции явилось то, что студенты выступали на казахском, русском, английском, французском языках. В ее работе участвовали не только студенты одного университета, но и гости из других вузов и различных организаций, что придало конференции межвузовский характер.

В конференции приняли участие также иностранные студенты, обучающиеся в КазГУ, студенты-заочники и вечерники, молодые ученые, аспиранты и магистранты. На конференции была сделана попытка сохранить преемственность - "бакалавр-магистр-аспирант", которая себя хорошо зарекомендовала. Большинство выступлений вызвало широкую дискуссию.

Таким образом, участие студентов в научной конференции сближает интересы обучения и творческого исследования, развивает тягу к научному поиску. Участвуя в этом своеобразном конкурсе, студенты приобретают навыки самостоятельной работы, научного исследования, вырабатывают умение лучше организовывать свою работу.

**М.ЖИГУН,**
**руководитель НИРС КазГУ**

## К ПРАЗДНИКУ - ОБНОВЛЯЮЩИЙСЯ ЖУРФАК

Вторая половина минувшего июня для факультета журналистики КазНГУ была ознаменована важными событиями. Состоялся совет факультета, на котором были рассмотрены многие важнейшие вопросы. А также на этом заседании по случаю единственного профессионального праздника Казахстана - Дня журналистики - руководство факультета поздравило всех своих коллег с этой датой, параллельно наградив спортивные команды факультета, занявшие призовые места на недавних соревнованиях КазНГУ. Декан факультета господин Омашев любезно согласился прокомментировать эти события.

*- Намазалы Омашевич, чем мотивирован пересмотр устоявшихся традиций на факультете?*

-Можно сказать, что подобных пертурбаций на факультете еще не было. Обновлен преподавательский состав, и это вызвано тем, что необходимо совершенствование уровня преподавания. Это естественный процесс, когда на смену старым взглядам приходит новое позитивно-прогрессивное мышление. В дальнейшем намечено привлечение к преподаванию на факультете журналистов-практиков, т.к. практика далеко ушла от теории. Журналистика, как и все остальные науки, не стоит на месте. И это мы должны учитывать. Правила структурирования работы СМИ пятилетней давности никоим образом не могут функционировать в данное время.

*- На заседании совета была отмечена работа телестудии факультета "САНА". Является ли идея создания этой студии признаком обновления принципов работы факультета?*

- Несомненно. Мы стремимся на данном этапе привлечь студентов к реальной практике с первого курса. Первокурсники, работая в студии "Сана", имеют возможность предоставлять созданные материалы Казахстанскому ТВ. Такая работа позволит им в будущем, по окончании университета, соответствовать необходимым стандартам профессии. Вместе с этими фактами мы получаем уже сейчас результат - знания, получаемые при работе в университетской студии, не устаревают, а развиваются.

*- Намазалы Омашевич, недавно стал очевидным тот факт, что факультет журналистики - один из самых сплоченных и физически подготовленных. Это могло бы вызвать удивление раньше, но теперь после потверждения этого факта победами на спартакиаде КазНГУ факультет снискал себе такую репутацию.*

- Данный факт стал возможным благодаря успешным выступлениям женской волейбольной команды факультета, занявшей первое место среди остальных команд, хорошей игре мужской волейбольной дружины, занявшей третье призовое место среди шестнадцати команд. Сотрудники нашего факультета проявили себя отлично и в выступлениях по другим видам спорта, что позволило занять третье место в общекомандном зачете. И это, я надеюсь, не предел. У спортсменов нашего факультета большие перспективы.

*- Раз Вы уж заговорили о перспективах, то, наверное, своевременным будет вопрос о планах совершенствования технической базы факультета, к примеру, предвидится ли подключение факультетских компьютеров к "Internet"?*

- В недалеком будущем, предположительно с осени этого года, планируется подключение нашего факультета к глобальной сети "Internet". Содействие в решении этого вопроса обещал оказать заведующий кафедрой ЮНЕСКО нашего факультета Мартин Хедлоу. Возможность доступа к сети позволит студентам журфака участвовать в различных видеоконференциях в локальной и глобальной сетях. А это, как сейчас представляется, технология журналистики XXI века.

*-Намазалы Омашевич, День журналистики - пока единственный профессиональный праздник Казахстана, что бы Вы пожелали своим коллегам?*

- В это ответственное время хотел бы пожелать всем журналистам творческих успехов, потому что от высококлассной работы зависит сейчас многое, а также большого удовлетворения и счастья от проделываемой работы.

**Рафаэль БАЛГИН**

# Қызықты оқулық

Мектепте жүргенде кітапқа құмар едім. Талай қаламгерлердің аты-жөні, шығармалары әлі есімде. Соның бірі белгілі фантаст- жазушы Абдул-Хамид Мархабаев еді. Оның "Ғарыштағы қымыз", "Арал әуендері", "Байқоңыр шоқ жұлдызы", "Шапағат" кітаптарын бірнеше рет оқығанмын. Енді, міне, университетке түсіп, сол кісі сабақ беретін журналистика факультетінің студенті болып, 2 курста білім алып жүрмін. Өзім армандайтын, шіркін кездессем бір дейтін сүйікті қаламгеріммен жүздесем деп кім ойлаған. "Дүние дөңгелек" деп бекер айтылмаған ғой.

Ұлағатты ұстаз, қарымды қаламгер, журналист Абдул-Хамид ағадан лекция тыңдап, көптеген тың деректерге қанықтым.Әсіресе оның жақында шыққан оқулығы "Ислам=Ғылым+Журналистика" атты дәріс кітабы қатты қызықтырды. Онда автор түрлі діни бағытта шыққан еңбектерді шебер қиюластыра білген және өзінің зайырлы білім деңгейін діни байыптамалармен бекемдеген, тарауларға да тартымды ат қойған, одан соң сөз болған мәселені журналистикамен тығыз байланыстырған. Ұлы ойшылдардың да ғылым туралы афоризмдерін орынды берген. Енді автордың өзіне сөз берейік:

"Соңғы бір деректерге жүгінсек, дүние жүзінде мұсылмандар құрамы бүгінде 23,1 % құраса керек. Ал келешегі, жобалаушылардың айтуынша, енді ширек ғасырда Ислам дініндегілердің саны 1,25 миллиардқа жетпек. Солардың таным-білімге, ғылымға деген құлшынысы өсе түсетініне мен кепіл. Тап сол кезде қасиетті Құран мен ұлағатты хадистің қадір-қасиеті өсе түссе керек".

Демек, біздің ұстазымыз кітабының фактологиясынан, оның оқыған дәрістерінен көп мағлұмат ала аламыз. Сонымен қоса түрлі қиялгер жазушылардың шығармашылық дүниелерімен де таныстығымыз арта түседі. Негізінен алғанда, осы оқулықтың студенттерге де, былайғы оқырманға да берері мол.

**Нұрлан ӘКІМБАЕВ,**
**2-курс студенті.**



Михаил ПУЗИКОВ

## ОТЦОВСКИЙ НАКАЗ

Сын сильный и смелый солдат в бою,
Стрелял по врагу без промашки.
И было не раз и не два в том краю -
Шутили: "Родился в рубашке".

То слева, то справа снаряды рвались,
Осколки валилися градом.
Но счастье спасло, как дерево лист
Ведь сын оставался с ним рядом...

Он храбро сражался, беду отводил,
Разрушив две вражьи колонны.
И надо ж! Горячий снаряд подкатил,
Затеяв с отцом похороны...

Сын низко склонился и горько всплакнул:
"Не можем мы вырвать победу!"
Отец успокоил и тихо шепнул:
"Домой передай, что приеду!".

Скажи всем друзьям и всем людям Земли:
"Войну начинают уроды!
Нетрудно понять, что мы жить родились,
За что ж погибают народы!?"

Наверно, умру я за всех, за тебя,
За тех, кто нас вынудил драться.
Прости, что случилась со мною беда,
Живи, сын, чтоб за мир посражаться!

Студент әзілі

# АРПАБАЙДЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

Саған "Қазақстан тарихынан" дәріс беретін доцент ұнай ма?

- Менінше, білімі саяздау секілді.

- Қойшы-ей!

- Көбінесе бізден сұрайды.

* * *

Емтихан алдында профессор студенттерге:

- Емтихан да театр сияқты. Сендер - актер, мен - көрермен,- дейді.

- Міне, керемет!- деп қолын шапалақтайды Арпабай. - Театр суфлерсыз болушы ма еді?

* * *

- $H_2SO_4$ формуласы нені білдіреді? - дейді оқытушы Арпабайға қарап.

- Тілімнің ұшында тұр, құрметті профессор.

- Онда тезірек түкіріп таста, ол - күкірт қышқылы.

* * *

Профессор сағатына қарағыштай берген студентіне ескерту жасайды.

Шәкірті:

- Құрметті профессор, Сіздің терең мағыналы, тамаша дәрісіңіздің әсерін мына ессіз қоңырау бұзып жіберер ме екен деп қорқамын,- деп құтылады.

* * *

Факультет деканы студентті шақырып алып:

- Арпабай, "Социология пәнінің оқытушысы - есек!" дегенді тақтаға жазған сенбісің? - дейді.

- Кешіріңіз, мен едім.

- Әйтеуір, бір рет дұрыс жауап бердің.

* * *

Арпабай жоғары математикадан есепті шығара алмай қағазға: "Мұның жауабын бір Алланың өзі біледі!" - деп сойдақтатады.

Профессор содан сәл төменірек: "Оған күмән бар ма? Аллаға - бес, саған - екі",- дегенді тіркей салады.

* * *

Орыс әдебиеті тарихынан Арпабайдан:

- Ленский неліктен қаза болды?-деп сұрайды.

- Оның несі қиын. Онегиннің құралайды көзден атқан мерген емес пе? - деп қолма-қол жауап береді.

* * *

- Сенбі күні бүкіл курс болып көркемсурет галереясына барамыз. Айтқандайын, оның қай жерде екенін қайсың білесің? - дейді куратор.

Арпабай қолын көтереді.

- Пәлі, сен онда барып жүр ме едің?

- Ә-ә, жоқ. Қасындағы дискотекадан шықпаймын.

* * *

Профессор аудиторияға қарап:

- Бүгін кешке күн тұтылады,- дейді.

Соңғы партада отырған Арпабай:

- Қай телеарна бойынша? - деп тақ ете қалады.

* * *

Профессор:

- Арпабай, Юлий Цезарь туралы не айтар едің?- дейді.

- Марқұм болғандарды даттамаушы едім, құрметті профессор мырза.

Қазақ университеті



# "ДЕНСАУЛЫҚ" СПАРТАКИАДАСЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Біздің оқу орны тек білім беру, ғылыми жұмыс жүргізу ордасы ғана емес, бұқаралық спорттың да үлкен мекені. Соның бір дәлелі - жақында ғана өткен факультетаралық жарыс.

Ректорат, кәсіподақ, әйелдер кеңесі,кафедралардың бастамашылығымен ұйымдастырылған бес түрлі бәсекеге оқытушылар, аспиранттар, басқа да қызметкерлер қатысып, жақсы нәтиже көрсетті.

Кейінгі екі-үш жылда ерлер арасында саябырсып қалған спорт сайысы да жанданып сала берді.

Мәселен, волейболдан ерлер арасында бас жүлдені механика-математика факультетінің командасы жеңіп алса, қыздар арасында журналистердің мерейі үстем болды. Ал бадминтоннан бірінші орынды тағы механика-математика факультеті иеленді. Екінші орында - биологтар, ректорат командасы үшінші орынмен қанағаттанды.

Аса тартысты шахмат ойынында физиктер суырылып алға шықты, олардан кейін мәреге математиктер мен химиктер жетті.

Футбол додасына он екі команда қатысты. Философтар құрамасы осы жолы ойлап ойнаудың аса маңызды екенін дәлелдеп берді, ал тарихшылар футболдың тарихи ролін өздерінің екінші орынымен сахнаға шығара білді.

**Олжабек АНДАРБАЕВ,**
**бас төреші.**

# ВЫСОКИЙ НАУЧНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ

Планирование подготовки научных и педагогических кадров через аспирантуру КазГУ им. аль-Фараби осуществляется по специальностям, предусмотренным номенклатурой дисциплин научных и научно-педогогических работников, утвержденной постановлением ГАК РК от 12.05.96 г. Подготовка и обучение аспирантов, стажеров-исследователей и соискателей проводится по 92 специальностям.

С 1 января 1997 г. в КазГУ обучается 429 человек очно и 370 аспирантов заочно. 89 человек проходят научную стажировку, из них 43 человека прикомандированы из вузов различных областей РК. Число соискателей в настоящее время составляет более 100 человек.

В 1996 г. в аспирантуру поступило около 200 человек на очную форму обучения и 128 - на заочную. Из них 38 - на договорной основе. В этом же году аспирантуру КазГУ окончили по очному отделению 93 аспиранта и 26 человек - заочно. 18 человек из них защитили диссертацию. Аспирантами, стажерами-исследователями руководили 205 докторов и кандидатов наук.

Мы попросили рассказать о своей работе некоторых аспирантов.

Куанышбек **Асекеев**, награжденный стипендией Президента РК: "В моем исследовании рассматриваются вопросы разрешимости уравнений механики сплошной среды. Данные результаты имеют большую практическую ценность для изучения качества физических процессов. Под руководством проф. Ш.Смагулова мы разрабатываем компьютерное моделирование технологических процессов добычи и транспортировки нефти. Ценность подобных исследований крайне высока, поскольку позволяет автоматизировать многие технологические процесссы.

Я думаю, что нашу науку в ближайшее время ожидает стремительный прогресс. Несмотря на коммерциализацию общества, необходимость в фундаментальных разработках не изчезает и виден явный интерес к ним. Я думаю, что нас ждет хорошее будущее".

"Через призму быта отчетливо видны позитивные и негативные изменения общественной системы ценностей, - говорит Назым **Шаденова**, стипендиат правительства РК. - Поэтому я выбрала для своего научного исследования тему "Социальные проблемы семейного быта". Нарастающие кризисные явления в обществе ведут к тому, что значительная часть населения испытывает определенный дискомфорт. Происходит постоянное расслоение общества. Важной проблемой является традиционная сверхзанятость женщины в семейной сфере, что мешает ей полнее реализовать себя в сфере профессиональной занятости. Я рассматриваю организацию семьи и основные факторы, влияющие на ее состояние.

Социологическая наука в Казахстане очень молода. Многие приходили в нее из смежных дисциплин. Сейчас такое положение меняется. Отрадный факт - появились первые учебники по социологии. Растет востребованность в социологических исследованиях со стороны государственных и общественных организаций, значит, наши исследования необходимы. Хотелось бы пожелать, чтобы научная интеграция с другими странами носила теперь более интенсивный характер".

**Гульмира СУЛТАНБАЕВА,**
**аспирант КазГУ.**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті

Газетке Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық-ақпарат министрлігінде № 1242 тіркеу куәлігі берілген.



**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:**
480078, Алматы қаласы,
әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат,
журналистика факультеті
47-15-10, 47-06-32, 47-28-16

**Бас редактор -**
Қ. ҚАМЗИН;

**көркемдеуші -**
К.МУХАМЕДЬЯРОВА;
**терген -**
А.БАБАСОВА;
**фототілші -**
А.ФЕДУЛОВ.

**Ақылдастар алқасы:**

Л.С.АХМЕТОВА,
*тарих ғылымының кандидаты;*

З.А.МАНСҰРОВ,
*проректор, химия ғылымының докторы;*

Н.О.ОМАШЕВ,
*филология ғылымының докторы;*

М.Ш.ӨМІРБЕКОВА,
*"Қазақ университеті" баспасының директоры, филология ғылымының кандидаты.*

Жарияланған материалдардағы автордың көзқарасы редакцияның ұстанған бағытына сәйкес келуі міндетті емес.

Нөмір ҚазМҰУ-дің "Қазақ университеті" баспасында теріліп, басылып шықты. Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 500 дана. Тапсырыс № 487.